

А.К. Матаева^{1*}, С.Б. Жұмағұл¹, А. Дәлелбекқызы²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

²Қазақстан Жазушылар одағы, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

*e-mail: asyl_mataeva@mail.ru

XX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ XXI ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУЫ: ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫН ЖАҢАША ТАНЫМДА ЗЕРТТЕУДЕГІ ІЗДЕНИСТЕР

Қазіргі қазақ әдебиеттануы ғылымында ұлттық әдебиетіміздің бастау қайнарларын анықтау, даму, қалыптасу кезеңдерін бағамдау және қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу ерекшеліктерін зерттеу, қазақ әдебиетінің тарихына терең үңілу өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу, ғылыми тұжырымдау әр дәуірде алуан түрлі белестерден өткені белгілі. Қазіргі таңдағы заманауи зерттеулер барысында ұлттық әдебиетіміздің дәстүрлі көркемдік арналарын саралаудағы ғылыми ізденістер қасаң саясат салдарынан қалыс қалған рухани әрі әдеби жәдігерлермен толықтырылуда. Қазіргі қазақ әдебиеттануының әдіснамалық қағидаттары түрленіп, әлемдік әдебиеттанудағы озық ұстанымдарға иек артуда. Осы бағыттағы жаңа тенденциялар жан-жақты екшеуді талап етеді. Бұл реттен алғанда мақалада қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу мәселелері баяндалды. Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеудің тың бағыттағы қадамдарына шолу жасалды. Жаңа танымдағы ізденістердің ерекшеліктері, ғылыми ұстанымдары сараланды. Қазақ әдебиеті тарихын зерттеген ғалымдардың еңбектері, зерттеушілердің бұрынғы және қазіргі ізденістері, ұжымдық зерттеу жұмыстары талданып, олардың әдебиеттану ғылымында алатын орны бағамдалды. Қазақ әдебиеті тарихын бажайлаудағы заманауи зерттеулердің ізденіс өрісін айқындайтын түйінді жаңалықтары, өзекті аспектілері ғылыми-зерттеу еңбектер негізінде екшелді. Қазақ әдебиетінің тарихын жасау жолындағы ізденістердің өзіндік жүйесіне, жинақталған тәжірибесіне назар аударылды. Ұлттық әдебиетіміздің тарихын зерттеу бағытындағы ізденістерді сараптай келе, негізгі жетістіктері бағамдалды. Зерттеу нәтижесі ретінде әдеби мұраны зерттеудің жаңа жолдары байыпталды. Ғасырлар бойы жинақталған рухани құндылығымыз – әдеби мұраларымызды заманауи талаптар тұрғысынан қайта зерделеудің маңызы нақтыланды.

Түйін сөздер: қазақ әдебиеттануы, әдебиет тарихы, жаңа танымдағы ізденістер, зерттеу әдіснамасы.

A.K. Matayeva^{1*}, S.B. Jumagul¹, A. Dalelbekkyzy²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan

²Writers Union of Kazakhstan, Kazakhstan, Nur-Sultan

*e-mail: asyl_mataeva@mail.ru

Kazakh literary studies within the period from the end of XX till the beginning of XXI centuries: the search for new research in the history of literature

In modern Kazakh literary studies, one of the most pressing problems is to identify the origins, assess the stages of development, formation of national literature and study the features of periodization, as well as to delve into the history of Kazakh literature. In the course of modern research, the national literature is replenished with spiritual and literary monuments that were forgotten after the influence of the policy of «vulgar socialism». Modern Kazakh literary studies change the methodological principles and rely on the leading positions of the world's literary studies. New trends in this direction require a comprehensive understanding. In this regard, the article is devoted to the problems of the history of the study of Kazakh literature. The paper reviews new directions in the observed sphere of scientific knowledge. Peculiarities of new research, various scientific platforms have been taken into consideration.

Special attention was paid to the comparison of works on the history of the study of Kazakh literature, the assessment of the contribution of researchers and their role in the formation and development of scientific directions. At the same time, the movements of scientific thought were considered in retrospect: from early works to modern works. By analyzing specific scientific works, the contribution of modern studies of the history of Kazakh literature is considered. Attention is paid to the presence of a special system in them, the presence of alternative views on solving problems. On the basis of the con-

ducted analytical work, new directions of studying the history of Kazakh literature were identified. As the results of the study, new ways of studying the national heritage are presented. The necessity of revising the approaches to the study of literary heritage, taking into account the requirements of modern scientific trends in this field of scientific knowledge, is confirmed.

Key words: Kazakh literary studies, literary history, search for new research, research methodology.

А.К. Матаева^{1*}, С.Б. Жумагул¹, А. Далелбекқызы²

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан

²Союз Писателей Казахстана, Казахстан, г. Нур-Султан

*e-mail: asyl_mataeva@mail.ru

Казакское литературоведение конца XX – начала XXI века: поиск новых исследований в истории литературы

В современном казахском литературоведении одними из актуальных проблем являются выявление истоков, оценка этапов развития, становление национальной литературы, изучение особенностей периодизации, а также углубление в историю казахской литературы. В ходе современных исследований национальная литература пополняется духовными и литературными памятниками, которые были преданы забвению вследствие влияния политики «вульгарного социализма». Современное казахское литературоведение меняет методологические принципы и опирается на передовые позиции мирового литературоведения. Новые тенденции в этом направлении требуют всестороннего осмысления. В связи с этим статья посвящена рассмотрению проблем истории исследования казахской литературы. Представлен обзор новых направлений данной области научного познания. Были изучены особенности новых исследований, рассмотрены различные научные платформы. Особое внимание было уделено сопоставлению трудов по истории исследования казахской литературы, оценке вклада исследователей и их роли в становлении и развитии научных направлений. При этом движение научной мысли рассматривалось в ретроспективе: от ранних трудов до современных работ. Путем анализа конкретных научных трудов рассмотрен вклад современных исследований истории казахской литературы. Уделено внимание наличию в них особой системы, присутствию альтернативных взглядов на решение проблем. На основании проведенной аналитической работы определены новые направления изучения истории казахской литературы. В качестве результатов исследования представлены новые пути исследования национального наследия. Подтверждена необходимость пересмотра подходов изучения литературного наследия с учетом требований современных научных направлений в данной области научного познания.

Ключевые слова: казахское литературоведение, история литературы, поиски новых исследований, методология исследования.

Кіріспе

1985-1991 жылдар аралығында ұлттық әдебиеттану ғылымы қоғамдық өмірдегі күрделі саяси-әлеуметтік өзгерістер талабына сай жаңа әдіснамалық тұғырын бекіте отырып, қазақ әдебиетінің толымды тарихын жасау бағытында нық қадамдар жасады. Ұлттық әдебиеттануда қазақтың көне жыр аңыздары, эпосын халқымыздың сан ғасырлық байырғы тарихымен, дәстүрлі салт-санасы, әдет-ғұрпымен тығыз сабақтастықты салыстырмалы тарихи-әдеби әдіспен кешенді қарастырып талдаған іргелі еңбектер жазылды. Оларда халқымыздың көне мәдени, әдеби мұраларының этногенез, этногенетикалық байланысы сынды маңызды түйіндерін шешудегі шешуші қадамдар жасалды. Ә. Марғұланнның «Ежелгі жыр аңыздар» (1985), М. Дүйсеновтің «Бір аспанның астында» (1985), «Ғасырлар сыры» (1988), Қ. Өмірәлиевтің

«III-XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері» (1985), «Оғуз қаған» эпосының тілі» (1986), М. Жолдасбековтың «Асыл арналар» (1986), Н. Келімбетовтің «Ежелгі дәуір әдебиеті» (1986), С. Қасқабасовтың «Родники искусства» (1986), Ш. Ыбыраевтың «Қорқыт ата кітабы» (1986), Ә. Қоңыратбаевтың «Қазақ эпосы және түркология» (1987), «Қазақ фольклорының тарихы» (1991), Т. Қоңыратбаевпен бірге жазылған «Көне мәдениет жазбалары» (1991), Х. Сүйіншәлиевтің «Ғасырлар поэзиясы» (1987), «ҮІІІ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиеті» (1989), А. Қыраубаеваның «Ғасырлар мұрасы» (1988), Р. Бердібаевтың «Кәусар бұлақ» (1989), Б. Өзібаеваның «Казахские народные романтические дастаны» (1990) зерттеулері айрықша аталады.

Қоғамдық өмірдегі жариялылық пен қайта құру рухындағы өзгерістер қазақ халқының идеологиялық қысымдағы ұлттық руханиятының

күретамырын құрайтын сан ғасырлық әдеби мұрасын тұтастықта игеруде, әдебиет тарихын толымды зерттеуде орын алған «ақтаңдақтар» мәселесіне үңілдіріп, жаңаша көзқараста бағалау мен зерделеу сынды ділгір мәселені алға тартты. Қазақ халқының сан ғасырлар бедеріндегі ұлттық мүддеге терең тамыр тартатын әдеби және классикалық мұрасын жариялау, зерттеуде маркстік-лениндік әдіснама мүмкіндік бермеген идеологиялық қысымның өз күшінен біртіндеп айрыла бастауын және де жариялылық пен қайта құру талабын ұтымды да тиімді пайдалану үдесінен шығудағы алғашқы қадам қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы сынды іргелі еңбектің 4 және 5 томдарының жарық көруімен жаңа бағытқа бет алды. Оларда XV-XIX ғасырларда өмір сүрген 102 ақынның 322 шығармасы қамтылып, Орталық ғылыми кітапхана мен Әдебиет және өнер институты қорларындағы шығармаларға 465 сипаттама жазылды.

Зерттеу материалы және әдістер

1988 жылы Одақ көлемінде жүргізілген орта және жоғары мектепті қайта құру талабына бейімдеу барысындағы жаңа міндеттерге орай қазақ әдебиеті пәнінің тарихы бағдарламасына өзгерістер енгізілді. Соның барысында әдебиет тарихы бұрынғыдай XVIII ғасырдан емес, XV ғасырдан басталып оқытылатын болды. Сондықтан хандық дәуір әдебиетін терең зерттеу талабындағы Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншәлиев, М. Мағауин, Қ. Сыдықов тарапынан жасалған игі қадамдардың жемісі түпкілікті айқындалып, өрісі барынша кеңейді. Бұл тұста жыраулар поэзиясының көркемдік ерекшелігі талданған Қ. Сыдықовтың «Дала жыршылары» (1989), С. Негимовтің «Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі» (1991) еңбектері жарық көрсе, М. Мағауиннің «Ғасырлар бедері» (1991) кітабында 1968 жылдан кейін жарияланбай келген «Қобыз сарыны. XV-XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын, жыраулар» зерттеуі қамтылды. Ж. Тілеповтің «ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы қазақ поэзиясындағы тарихилық проблемалары» (1987) тақырыбындағы кандидаттық диссертациясы жазылды.

М. Байділдаев, М. Мағауин құрастыруымен екі томдық «Бес ғасыр жырлайды» (1984-1985), «Ай, заман-ай, заман-ай...» (1991) антологиясы жарық көріп, онда XV-XX ғасырдың бас кезіне дейінгі аралықтағы барлығы 77 ақын-жырау шығармасы енгізілді. Соның ішінде

1984-1985 жылдары (66 ақын-жырау) жарық көрген үш томдық антологиядан цензура тарапынан алынып тасталған Дулат, Шортанбай, Мұрат, Әбубәкір Кердері, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Нұржан Наушабаев, Мақыш Қалтаевтар енгізіліп, Шәкәрім мұрасымен толықты. Алайда сол кезде толық ақталған А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Ғ. Қараш, С. Дөнентайұлы, М. Жұмабайұлы, Б. Күлейұлы мұрасының бес ғасыр белесіндегі ұлттық поэзия антологиясында қамтылмай қалуы жинақ құрылымындағы басты олқылықты көрсетсе керек.

Әдебиеттерге шолу

Қайта құру мен жариялылық талабына орай қазақ халқының отаршылдық дәуірдегі ұлттық сөз өнерінің толымды тарихын жасаудың ең түйінді арналары ХІХ ғасыр әдебиетінде айрықша орын алатын «зар заман» ақындарының шығармашылығын жаңа танымда қарастыру, ұлттық мүдде тұрғысынан әдебиет тарихындағы өзіндік тұғырын айқындау міндеттерімен сабақтас күрделі мәселе болатын. Сондықтан ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиетін зерттеудегі қайта құру мен жариялылық жылдарының бастапқы кезеңінде әрі әдебиет пен өнер мәселелері бойынша қабылданған партиялық қаулы-қарарлар әлі де өз күшін жоймаған тұста жарық көрген «ХІХ ғасырдағы қазақ поэзиясы» (1985), «ХІХ ғасырдағы қазақ ақындары» (1988) атты ұжымдық монографияларда, сондай-ақ Жанак, Шернияз, Сүйінбай, Біржан сал, Ақан сері, Сара шығармашылығы жеке-жеке монографиялық тұрғыдан қамтылып, «Ағартушылық идея мен реалистік жаңа әдебиеттің дамуы» тарауында Шоқан, Ыбырай, Абай шығармашылығы талданған Х.Сүйіншәлиевтің «ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» (Сүйіншәлиев, 1986) еңбегінде отаршылдық дәуір әдебиетінің тұтас болмыс-бітімін ашуда үлкен маңызға ие «зар заман» ақындарының мұрасы назардан тыс қалып қойды. «ХІХ ғасырдағы қазақ поэзиясы» (1985) кітабына «зар заман» ақындары «шамадан тыс сақтық жасалынып кірмей қалды» (Мырзахметов, 2002: 196). Осы сипаттағы олқылық «ХІХ ғасырдағы қазақ поэзиясы» (1988) атты ұжымдық зерттеу еңбекке де тән (ХІХ ғасырдағы қазақ поэзиясы, 1988).

Қасаң таптық, партиялық танымдағы маркстік-лениндік ілімдегі олқылықтан ұлттық әдебиеттану әдебиет пен өнер мәселелері бойынша ХХ ғасырдың 30-50 жылдары қабылданған идеологиялық қаулы-қарарлар күшін жойған соң

ғана арылды. Онда орыс отаршылдығына қарсылықтан туған «зар заман» ақындары шығармашылығын бағалауда орын алған қателіктер дұрыс көрсетілді.

Қоғамдық өмірдегі рухани сілкініс пен саяси серпіліс талабына орай XIX ғасыр әдебиетінің кеңестік идеология тарапынан тиым салынып келген ақындар мұрасын жариялау ісі барынша жанданды. «Жыр шежіре» айдарымен «Қазақ әдебиетінде» Дулат Бабатайұлының «Шашта-раз» дастаны (1987.4.12), «Жұлдыз» журналында Көкбайдың «Сабалақ» (1990.№8), Жамбылдың «Сыздық сұлтанға» (1990.№9), Сүйімбайдың «Өтеген батыр» (1990.№11), Нысанбайдың «Кенесары мен Наурызбайды жоқтау» (1990.№12), Досқожаның «Кенесары қоныстан ауғанда айтқаны» (1991.№2), Шортанбайдың «Зар заман сарындары» (1991.№3), Мұраттың «Еділді алды, елді алды» (1991.№4), Қашағанның «Жұттан кейін» (1991.№5), Кердері Әбубәкірдің «Замананың түрі» (1991.№11) мұралары жарияланды.

Базар жырау (1986), Бақтыбай ақын (1988), Молда Мұса (Мұсабек Байзақұлы) (1988) шығармалары жинақтарымен қатар Қ. Өмірәлиевтің құрастыруы және «Дулаттың дәуірі мен ақындығы» атты алғы сөзімен Дулат Бабатайұлының «Замана сазы» (508), «Жыр жүйріктері» атты Қ. Сыдиқов, Ш. Керімов алғы сөзімен Қашаған Күржіманұлы, Шығияз Шанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Насихат Сүгірұлы шығармалары топтастырылған «Алқаласа, әлеумет» (1991) жарық көрді. М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1991), Х. Досмұхамедовтің «Аламан» (1991) кітаптарының жарық көруі қазақ әдебиетінің тарихын тұтастықта әрі тарихи шындыққа сай зерттеудің әдіснамалық негіздеріне өзгерістер әкелді.

XX ғасырдың соңғы ширегі тоталитарлық жүйе қысымындағы саяси-әлеуметтік өмірдің тарихи шындығын түбірлі қалпына келтірудегі түбегейлі өзгеріске толы кезең болды. Ол отандық әдебиеттануға әміршіл-әкімшіл саяси идеология зардабын шеккен ұлттық құндылықтардың болмыс-бітімін тұтастықта ашуға, кешенді қарастыруға мүмкіндік берді (Kudaibergenova, 2017: 258). Оған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «Ақын Шәкәрімнің творчестволық мұрасы жөнінде» («Қазақ әдебиеті» газеті. 1988.15.04), «Қазақ ССР Прокуратурасында» («Қазақ әдебиеті» газеті. 1988.23.12), «Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетінде: Мағжан Жұмабаевтың, Ахмет Байтұрсыновтың және

Жүсіпбек Аймауытовтың творчестволық мұрасы туралы» («Қазақ әдебиеті» газеті. 1989.6.01), «Міржақып (Мир-Якуб) Дулатов» («Қазақ әдебиеті» газеті. 1989.28.07) және әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 1930-40 жылдар кезеңі мен 50-жылдар басында қабылданған идеологиялық қаулы-қарарлардың күшін жоюы түбегейлі жол ашты («Қазақ әдебиеті» газеті. 1989.15.12).

Әдебиет пен өнер мәселелері бойынша қабылданған қаулы-қарарлардың күшін жоюы XIX ғасырдағы орыс отаршылдығын батыл әшкерлеп, еркіндігінен айрылған халық қайғызарын жырлаған «зар заман» ақындары мұрасын, екіншіден, ұлт азаттығына негізделген азаматтық ұстанымы, өнердегі эстетикалық мұрат-мақсаты кеңестік саясатпен мүлде үйлеспейтін отаншыл рухты әдебиет тұлғалары мен мәдениет қайраткерлерінің ғылыми, әдеби мұраларын жариялау, шығармашылық және қоғамдық қызметін зерттеу – әдебиеттанудың тұтас тарихын жаңаша қарастыру, сол арқылы таным үрдісіне күштеп танылған қате теориялардан арылу міндеттерін жүктеді. Сондықтан да қазақ әдебиетінің тарихын зерттеудегі маркстік-лениндік ілімдегі қателіктерден түбегейлі арылу, әдебиетіміздің толымды тарихын жасау талабы туындады. Атап айтқанда, Ш. Елеуқеновтің «Мақсат үлкен, міндет зор» («Қазақ әдебиеті» газеті. 1988.18.03), М. Қаратаевтың «Туған әдебиетіміздің толымды тарихын жасайық» («Қазақ әдебиеті» газеті. 1988.2.09), Т. Кәкішевтің «Қағидаға айналған қателер түзелсе» («Жұлдыз» журналы. 1988.№11), С. Қирабаевтың «Қайта құру және әдебиеттану» («Қазақ әдебиеті» газеті. 1989.18.08), Р. Нұрғалиевтың «Әдебиет тарихы мен теориясының өзекті арналары» («Қазақстан мектебі» журналы. 1990.№6) проблемалық мақалаларында қазақ әдебиетінің ғылыми жүйеге келтірілген тарихын жасау мәселелері көтерілді.

М. Қаратаев он томдық қазақ фольклоры мен әдебиет тарихын шығару міндеттерінен туындайтын басты мақсаттарды айта келіп, көп томдықта «ақтаңдақтар» мәселесіне баса назар аударылатынын және «әдеби мұраны тарихи-нақтылық принципімен зерттей отырып, барды барша көрсету арқылы аталған кезеңдегі рухани байлығымыз едәуір молыға түсетінін» байыптады. Әдебиет тарихын дәуірлеудегі хронологиялық принципке негізделген он томдықта патриархалдық-рулық құрылыс заманында туған фольклордан бастап қазіргі дәуірдегі қазақ кеңес әдебиетінің тарихын дүниежүзілік

мәдениетпен тығыз байланыста жүйелі қамту көзделді. Бұл ретте кешенді бағдарламаның төрағасы М. Қаратаев «Көп томдық тарихта XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиеттің әлі зерттелмей келе жатқан немесе аз зерттелген проблемаларына көбірек назар аударылатын болады. Бұл тұста атышулы «ақтандақ» проблемасын шешу үстінде жекелеген ақын-жазушылардың идеялық-эстетикалық ізденістеріне, творчестволық әдістеріне, шеберлік ерекшеліктеріне көбірек ден қойылар деп білеміз» деп жазғанындай, XIX және XX ғасыр басындағы әдебиет тарихына баса назар аударылды. Соның барысында ұлттық әдебиет тарихын жасаудағы алғашқы қадамдар «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты сериядан бастау алып, көп томдық оқулықтар мен хрестоматиялық оқу құралдарын шығару арқылы соны қадамдарын жасай бастады. Ал 1986 жылдан бастап «Қазақ халық әдебиеті» сериясымен көп томдық жариялау ісі қолға алынып, соның барысында «Батырлар жыры». 1-2 том (1986), «Айтыс» 1-2 том (1988), «Ертегілер» 3-4 том (1989), «Батырлар жыры» 4-том (1989), «Қырымның қырық батыры» 5-том (1989) басылды.

XX ғасыр басындағы ұлт руханиятында айрықша орын алатын қалам қайраткерлерінің қайта оралған әдеби мұрасын, шығармашылығын объективті зерттеудегі ғылыми көзқарастың әдебиеттануда орныға бастауы кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті тарихын жаңаша танымда қарастыру талабын жүктеді. Тоталитарлық жүйенің орнығуымен тікелей сабақтас кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінің туу, қалыптасуы сынды күрделі кезеңінің идеологиялық қысымынан шеккен ауыр зардабы байыптала бастады (Temirbolat, 2017: 435). Қазақ кеңес әдебиетінің негізін салушылар С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров шығармашылығын жаңаша зерделеу, жаңа таным биігінен қарастырудағы алғашқы қадамдар да жасала бастады. С. Сейфуллиннің бес томдық (1986-1988), Б. Майлиннің бес томдық (1986-1987), І. Жансүгіровтің бес томдық шығармалар жинағы (1986-1988) басылып, оларда ақын-жазушылардың бұрындары жинақтарына енген кейбір әдеби және ғылыми мұралары кеңінен қамтылды. XX ғасыр соңындағы осы сипаттағы ғылыми-зерттеушілік батыл қадамдар XXI ғасыр басында кең өріс алды. Тәуелсіздіктің жариялануы қоғамдық өмірдің барлық саласында тарихи шындықты қалпына келтіру талабын басты орынға қойды. Рухани азаттық аңсары ұлт әдебиетінің тарихын тәуелсіздік талабына сай

кешенді де жүйелі зерттеу міндеттерін жүктеді. Бұл ретте маркстік-лениндік әдіснамадан туындаған олқылықтар ой талқысына салынған. Ә. Қоңыратбаевтың «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Көне мәдениет жазбалары», «Абайдың романтизмі», Қ. Мұхамедхановтың «Абайдың ақын шәкірттері», «Абай мұрагерлері», «Абай шығармаларының текстологиясы жайында», Х. Сүйіншәлиевтің «Қазақ әдебиетінің тарихы», Т. Қожакеевтің «Жыл құстары», «Көк сенгірлер», «Сара сөздің сардарлары», Т. Кәкішұлының «Санадағы жаралар», «Кер заманның кереғар ойлары», «Қазақ әдебиеті сынының тарихы», С. Қирабаевтың «Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті», «Әдебиетіміздің ақтандақ беттері», «Тәуелсіздік рухымен», «Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет», Р. Бердібайдың «Мұхтар шыңы», М. Базарбаевтың «Замана тудырған әдебиет», З. Ахметовтың «Поэзия шыңы – даналық», Ш. Елеукуновтің «Жаңа жолдан», «Әдебиет және ұлт тағдыры», «Ғасырлармен сырласу», «Тәуелсіздік биігінен», Ш. Сәтбаеваның «Шәкәрім Құдайбердиев», «Уақыт шуағы», М. Мырзаметұлының «Абайтану тарихы», «Әуезов және Абайтану», «Түркістанда туған ойлар», Қ. Сыдықовтің «Дала жыршылары», «Халықпен қайта табысқандар», Н. Келімбетовтің «Ежелгі әдеби жәдігерлер» М. Мағауиннің «Ғасырлар бедері», Р. Нұрғалидің «Вершины возвращенной казахской литературы», «Сырлы сөз», «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры», Т. Сыдықовтың «І. Жансүгіров және дәстүр жалғастығы», Н. Жуанышбековтің «Қазіргі қазақ әдебиеттану мәселелері», «Қазіргі қазақ прозасы», «Қазіргі қазақ поэзиясы», А. Еспенбетовтің «Уақыт бедері», «Шәкәрім және Сұлтанмахмұт», «Ақындары алаштың», Д. Ысқақұлының «Сын сонар», «Сын талқы», «Рухани толғамдар», Ж. Дәдебаевтың «М. Әуезов шығармашылығы», «Қазіргі қазақ әдебиеті», С. Негімовтің «Мәлік Ғабдуллин», «Қазақтың сал-серілері», «Әдебиет әлемі» Қ. Алпысбаевтың «Түркі мұрасы және қазіргі қазақ әдебиеті», З-Ғ. Бисенғалидің «XX ғасыр басындағы қазақ романы», Қ. Мәдібаеваның «XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті», «Абай өлеңінің құрылысы», «Зар заман ағымы және Шортанбай мұрасы», Т. Жұртбайдың «Бесігінді түзе!», «Сүре сөз», «Ұраным-Алаш!», Б. Әбділғазыұлының «Шәкәрім: жәстүр және көркемдік», Ә. Әбдіманұлының «Ахмет Байтұрсынұлы», «Қазақ әдебиетіндегі ұлттық рух», Т. Есембековтің «Драматизм және қазақ прозасы», «Қазақ әдебиеті», М. Қыдыралинованың «Возвра-

ценные имена», Қ. Әбдезұлының «Жазушы және заман шындығы», «Таным көкжиегі», Ж. Смағұловтың «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы», «Ұлттық әдебиеттану әлемі», А. Исмақованың «Алаш әдебиеттануы», Р. Тұрысбектің «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеті», Г. Пірәлиеваның «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануы», «Кеңестік кезеңдегі қазақ әдебиеттануы және сыны», К. Ахметованың «С. Мұқанов – алаш әдебиетін зерттеуші», М. Тәжмұраттың «Шәңгерей: жасампаздық өмірі», М. Әйтімовтің «Тәуелсіз жылдар әдебиеті», Б. Омарұлының «Мұрат Мөңкеұлы: Әдеби зерттеулер», «Қазақ-қырғыз қасіретнамасы», «Зар заман поэзиясы. Генезис, типология, поэтика», А. Шәріптің «Қазақ поэзиясы және ұлттық идея», «Алтын арқау», «Сөз өнері және ұлттық рух», Д. Қамзабекұлының «Алаш және әдебиет» «Руханият», «Пайым», Е. Тілешовтің «Суреткер және көркемдік әдіс», Ж. Аймұхамбеттің «XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті», «Қазіргі қазақ әдебиеті», С. Жұмағұлдың «Сын сардары», «Әдебиет әлемі», «XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеттану ғылымы», С. Алтыбаеваның «Казахская проза периода независимости», Г. Балтабаеваның «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Тәуелсіз кезеңіндегі қазақ прозасы», Ф. Орданың «Алаш ардағы», М. Көпбаеваның «XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» және т.б. еңбектер жарық көрді.

Нәтижелер мен талқылау

Қазақ әдебиетінің тарихын жаңаша танымда зерттеуде «20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті» (20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті, 1997), «40-50 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті» (40-50 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті, 1998), «Қазақ әдебиетінің тарихы» 3-том (XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы) (Қазақ әдебиетінің тарихы, 2000), екі кітаптан тұратын «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» (Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы, 2002a) атты ұжымдық еңбектердің маңызы зор. Оларда әдебиетіміздің тарихы тәуелсіздік талабына сай қарастырылып, дәуірлеу мәселесі, кезеңдерге бөлуде батыл қадамдар жасалды. Мәселен, «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихында» зерттеушілер қазақ әдебиетінің тарихын кезеңдерге бөлуде келесі жүйені ұсынды:

1. Ертедегі көшпелі тайпалар әдебиеті.
2. Ежелгі әдебиет (VI – XV ғ.ғ.).
3. Қазақтың төл әдебиеті (XV – XVIII ғ.ғ.).

4. XIX ғасыр әдебиеті.

5. XX ғасыр әдебиеті.

Әдебиеттанушылар «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихындағы» дәуірлеу жүйесі де, баяндау барысы да ең соңғы қалып, жүйе деп таппаймыз. Бұл өзекті арнаны осылайша бағамдап көрсе қалай болар еді деген ізденістің бір сілемі деп ойлаймыз» (Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы, 2002b: 455), – деген ғылыми пікірлер айтады.

Қазақ әдебиетінің тәуелсіздік алған кезеңнен кейінгі бірнеше жаңа талаптарының айқындалуы осы мақсаттан келіп туындады. Бұл ретте қазақ әдебиеті мен мәдениеті үшін «Мәдени мұра» бағдарламасының орны ерекше екендігін атаған орынды (Cultural Heritage, 2009). 2003 жылдан 2011 жылдарға дейінгі аралықты қамтыған «Мәдени мұра» бағдарламасы қазақ ғылымы алдына ежелгі мәдени мұраларды ұлттың рухани құндылықтары ретінде тану, елдік эталон ретінде бағалау, мемлекеттің болашағы үшін зерттеу, келешек болмыстың көзі ретінде қорғау міндеттерін қойды. Бұл қазақ әдебиеті тарихын зерттеу мен жүйелеу, оның кезеңдері туралы пікірлер мен қалыптасқан көзқарастар мен тұжырымдарды қайта қарауды қажет етті.

Он томдық қазақ әдебиетінің тарихы ұлттық әдебиеттанудың басты жетістігі болды. «Тәуелсіздік кезінде қазақ әдебиеттану ғылымының жетістіктеріне сүйене отырып, бүгінгі күннің рухына, талаптарына сай келетін көп томдық әдебиет тарихын жасау міндеті күн тәртібінен түспеді. М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары қолға алған бұл аса ауқымды да маңызды жұмысты екі мыңыншы жылдары жарық көрген он томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» атқарып шықты» (Ысқақұлы, 2015a: 23).

Кез-келген фольклор табиғаты, мазмұны мен мақсаты тұрғысынан шынайы халықтық өнер болып табылады. Ол идеялық тереңдігімен ғана емес, жоғары көркемдік қасиеттерімен де ерекшеленеді. Кез-келген халықтың поэтикалық шығармашылығы бейнелеу құралдары мен жанрларының өзіндік көркемдік жүйесімен ерекшеленеді (Dalelbeckyzy, 2019: 105). «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томында қазақ фольклорының өзіндік сипаты, жанрлық табиғаты ерекшелді. Қазақ фольклорының статусы және оның теориялық негіздері зерттеліп, ауызша авторлық әдебиет, ауызша авторлық поэзия ұғымдары ғылыми негізде дәйектелді. Фольклордың даму үрдісі тұңғыш рет хронологиялық қағидатпен тарихи тұрғыдан са-

рапталды. Қазақ фольклорының тарихы «Ежелгі заманғы рухани мәдениет», «Орта ғасырлардағы фольклор» «Жаңа дәуірдегі фольклор» сипатындағы үш кезеңге дәуірленіп талданды.

«Қазақ әдебиеті тарихының» екінші томында ежелгі дәуір мен орта ғасыр әдебиеті қамтылды. Мұнда сақ, ғұн, үйсін дәуірлерінен қалған мұралар зерттелді. «Түркі дәуіріне дейінгі әдебиет жәдігерлері тұңғыш рет ажыратылып жеке қарастырылды. Мәселен, Алып Ер Тонға, Шу батыр туралы сақтардың, Аттила, Көк бөрі жайлы ғұндардың қаһармандық, батырлық дастандары жан-жақты талданып зерделенген. Монографиялық тарауларда түркі халықтарына ортақ әдебиет бастаулары, Орхон-Енисей жазба ескерткіштері, «Оғыз-нама», «Қорқыт ата кітабының» жырлары, Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Қожа Ахмет Ясауи, Сүлеймен Бақырғани, Ахмет Жүгінеки мұралары ғылыми жүйеленіп зерттелді. Сонымен қатар «Кодекс куманикус» қыпшақ сөздігі әдеби жәдігер тұрғысынан қарастырылса, Әлидің «Нахджул-Фарadis» шығармасы бірінші рет ғылыми нысанға алынды. Осылайша көп ғасырлы сақ-ғұн дәуіріндегі әдебиет, Түркі-Қытай арасындағы мәдени мұралар, Иран мен Тұран әлеміне ортақ рухани мұралар, Түркі-Моңғол бірлігі заманындағы мәдениет аясында пайымдалып, орта ғасырлардағы қазақ даласында ислам әдебиеттің қалыптасуына әкелгені туралы тұңғыш рет арнайы зерттелді (History of Kazakh literature, 2013).

«Қазақ әдебиеті тарихының» үшінші томында Алтын Орда мен Қазақ хандығы тұсындағы алты ғасырлық әдебиетті қамтиды. Алтын Орда дәуірінің ірі өкілдері, туындыларын оғыз-қыпшақ, парсы тілдерінде жазған Хорезми, Сайф Сараи, Құтб, Дүрбек, Әли, Мұхаммед Хайдар Дулати, Әбілғазы Бахадүр хан, Қадырғали Жалайыр, т.б. алғаш рет әдебиет тарихында байыпталды. Қазақ хандығы сөз өнерін жасаушы Сыпыра жырау, Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет, Жиёмбет, Марғасқа, Бұқар жырау, Ақтамберді, Үмбетей, Тәтіқара авторлық ауыз әдебиетінің тұлғалары Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Сырым шешен, Ақтайлақ би, Бөлтірік шешен, т.б. би-шешендердің шығармашылығы әдебиет үлгілері ретінде дәйектеліп қарастырылды (Ысқақұлы 2015b: 26).

«Қазақ әдебиеті тарихының» төртінші томы XIX ғасырдың бірінші жартысындағы әдебиетке арналған. Егер алдыңғы үшінші том алты ғасырды біріктірсе, төртінші том 50 жылдық әдебиетті қамтып отыр. Бұл томдағы зерттеулер мен тал-

даулар XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы (1800-1850 жылдар аралығындағы) әдебиеттің даму заңдылықтарын қарастырады. «XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті» шолу мақаласында сол дәуірдегі әдебиетке талдау жасалып, оның басты бағыттары және көркемдік ерекшеліктері көрсетілген. XVIII-XIX ғасырларда өмір сүрген дүниеге ақын-жыраулардың, өмірі, шығармашылық ізденістері, қоғамдық және әдеби қызметі ғылыми айналымға ұсынылды. Атап айтсақ, отыздан аса ақын-жыраулар мұралары байыпталып, он бес ірі тарихи тұлғалардың шығармашылық портреттері жасалды. Төртінші томның негізгі ерекшелігі есімдері аталып, шығармалары жалпы талданып келгенімен, әдебиет тарихында лайықты бағаланбаған Көтеш, Қобылан, Шал, Жанак, Абыл, Түбек, Сабырбай, Махамбет, Шернияз, Шөже, Орынбай, Сүйінбай, Дулат Бабатайұлы, Шортанбай, Ұлбике, Нұрым сияқты ақындардың әдебиет өкілдері позициясынан шығармашылықтары арнайы зерттеу нысанына айналып, арнайы тарауларда қарастырылды. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы әдеби үрдістерге талдау жасалды.

«Қазақ әдебиеті тарихының» бесінші томы XIX ғасырдың екінші жартысын қамтиды. Жаңа жазба әдебиетіміз басталған кезеңнің әдеби үрдісіне талдау жасалып, жаңа әдебиеттің өркендеу жолындағы идеялық-көркемдік жаңғыру заңдылықтары тарихи шындық тұрғысынан жан-жақты қарастырылды. Абай, Шоқан, Ыбырай бастаған ағартушы демократтық бағыт, сал-серілер, діни ағартушылық ағым, ақындық поэзия өкілдері Ақмолла, Базар Оңдасынұлы, Біржан сал Қожағұлұлы, Шәді Жәңгірұлы, Ақан сері, Мұсабек Байзақұлы, Ақтан Керейұлы, Әріп Тәңірбергенұлы, Өсет Найманбайұлы, Шәңгерей Бөкейұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Майлықожа, Ырым Мұсабайұлы, т.б. шығармашылықтары негізінде зерделеніп, шынайы баға берілді. Бесінші томда XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиет тынысы екселіп, осы кезеңдегі әдеби мұраға жаңаша танымдағы көзқараста баға берілді. Тәуелсіздігі жылдарында рухани жаңғыру, жаңа ұлттық таным өресін тану мақсатында белгілі авторлар мен туындылары, дүниетаным тұжырымдары тарихи шындыққа сәйкес зерделенді. XIX ғасырдың екінші жартысындағы ұлттық әдебиет пен қазақ қоғамының өзара қарым-қатынасынан пайда болған көркемдік және тарихи шындықтардың байланысы анықталды. Дәстүрлі және жаңа әдебиет сабақтастығы мен

үндестігі, көркемдік-эстетикалық мәні сипатталды.

«Қазақ әдебиеті тарихының» алтыншы томында ХХ ғасырдың басындағы әдебиеттің даму ерекшеліктері зерделенген. Алаш ақын-жазушыларының асыл сөзге қосқан үлестері, көркем эстетиканы дамытудағы рөліне басты назар аударылды. Тұңғыш рет Алаш қалам қайраткерлері шығармашылығы зерттеу нысанына алынып, әдебиет тарихына енгізілді. Әлихан Бөкейхан, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Ғұмар Қараш, Мәшһүр Жүсіп, Бернияз Күлейұлы, Нармамбет Ормамбетұлдары әдебиет тарихынан өз орындарын алды. Бұл томдағы «ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті», «Абайдың әдеби мектебі», «1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты туған поэзия» тараулары да тәуелсіздік кезеңі әдебиеттануы тұрғысынан зерделенді. Иманжүсіп Құтпанұлы, Мүрсәлім Бектенұлы, Жүсіпбек Шайһисламұлы, Ақылбай Абайұлы, Мағауия Абайұлы шығармашылығына шолу жасалды.

«Қазақ әдебиеті тарихының» жетінші, сегізінші, тоғызыншы томдары кеңес дәуіріміздегі әдебиетке арналға. Атап айтқанда, жетінші томда кеңес кезеңіндегі қазақ әдебиетінің 20-30-жылдары қамтылды. Жетінші томның негізгі мәселелері «20-30 жылдар әдебиетін шолуға кіріспе», «20-30 жылдардағы халық поэзиясының дамуы», «20-шы жылдардағы проза, поэзия, драматургия, әдеби сын» тарауларында талданған. Поэзияға арналған тарауда С. Сейфуллин, М. Жұмабайұлы және халық ақындарының шығармалары, олардың шындықты бейнелеу қағидаттары, көркемдік ізденістері байыпталып, бүгінгі күн тұрғысынан баға берілді. М. Жұмабайұлының «Батыр Баян», С. Сейфуллиннің «Көкшетау», С. Мұқановтың «Сұлушаш», І. Жансүгіровтің «Күйші», «Құлагер», И. Байзақовтың «Құралай сұлу» және т.б. поэмалардың мазмұны, бейнелердің көркемдігі, көркемдік таным мен талғам, шығармашылық ізденістерінің ерекшеліктері талқыға түседі. Проза жанры С. Сейфуллин, М. Әуезов, Ж. Аймауытұлы, Б. Майлин, С. Мұқанов және т.б. туындылары негізінде қарастырылып, тақырыптары мен көркемдік ерекшеліктері турасында соны тұжырымдар жасалған. Драма жанрының негізін салушылар Ж. Аймауытұлы, М. Әуезов, С. Сейфулиндер реалистік драма үлгілерін жасағаны айтылады. Ж. Аймауытұлының «Рабиға», «Мансапқорлар», «Қанапия-Шәрбану»,

М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек», «Бәйбіше-тоқал», «Қаракөз», С. Сейфуллиннің «Бақыт жолына», «Қызыл сұңқарлар», Б. Майлиннің «Шаншар молда», «Ел мектебі», «Неке қияр», «Көзілдірік», Ж. Шаниннің «Арқалық батыр», Қ. Кемеңгерұлының «Алтын сақина», Ж. Тілепбергеновтің «Перизат-Рамазан» пьесаларының алатын орны көрсетілген.

Әдеби сын бойынша зерттеулер әдебиеттің даму бағыттары әдеби мұраларды бағалау, әдеби әдістерді түсінудегі карама-қайшылықтар мен әртүрлі пікірталастар, алғашқы сыни зерттеулер мәселелері бағамдалған. Осы кезеңде жарияланған А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш», М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы», Х. Досмұхамедұлының «Қазақ халық әдебиеті», С. Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті», С. Мұқановтың «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» және Қ. Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы», Е. Ысмайыловтың «Әдебиет теориясының мәселелері» және т.б. зерттеулер талқыланды.

Сегізінші томда Екінші дүниежүзілік соғыс және соғыстан кейінгі дәуір, яғни кеңес дәуірінің екінші кезеңі қамтылған. Мұнда ХХ ғасырдың 40-50 жылдарындағы әдебиет даму, әдеби заңдылықтары талданады. Соғыс және соғыстан кейінгі кезеңдегі әдеби үрдістің дамуында елеулі рөл атқарған қаламгерлер М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, Т. Жароков, Ә. Тәжібаев, Ғ. Орманов, Қ. Аманжолов, Қ. Бекхожиндердің қаламгерлік қызметтеріне лайықты баға берілген. Қазақ әдебиеті тарихында күрделі кезеңдердің бірі болып саналған аталған дәуірдегі әдеби ағымдар-бағыттарды (социалистік реализм) және шығармаларды жаңаша көзқараспен бағамдауға ұмтылыс жасалды. Томның өзекті тақырыптары «Кіріспе», «Проза», «Әдеби сын», «Сәбит Мұқанов» тарауларында көтерілген.

Тоғызыншы том кеңес дәуірінің соңғы үшінші кезеңіне арналған. Том «1960-1980 жылдардағы қазақ әдебиеті», «Поэзия», «Проза», «Драматургия», «Сын мен әдебиеттану» шолу тарауларынан тұрады. М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, Т. Жароков, Ә. Тәжібаев, Ғ. Орманов, Қ. Аманжолов, Қ. Бекқожин сияқты қаламгерлер шығармашылығы екішелген. Сонымен қатар сегізінші және тоғызыншы томдарда «Қытай және Моңғолия қазақтарының әдебиеті», «Әдеби байланыстар», «Орыс тілді қазақ әдебиетінің» жай-күйі сипатталған. Зерттеулердің маңызды тұстары белгілі бір дәуір әдебиетінің жанрлық сипатын, мәселелерін саралаған шолулармен

бірге көрнекті өкілдерінің суреткерлігін егжей-тегжейлі талдап шығармашылық портреттерін жасауы деп білеміз. Кеңестік дәуір әдебиетінің заңғарлары Мағжан, Жүсіпбек, Сәкендерден бастап, Ә. Кекілбаев, М. Мағауинге дейін отыз үш қаламгердің шығармашылығына жеке тараулар арналған (Kaskabasov, 2009a: 4).

«Қазақ әдебиеті тарихының» оныншы томы 1991-2001 жылдар аралығындағы, яғни тәуелсіздіктің алғашқы 10 жылдық ұлттық әдебиетімізге арналған. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазақ әдебиетінің даму жолдарына талдау жасалып, жаңа дәуір әдебиетінің көркемдік-идеялық мәселелері, жанр ерекшеліктері сараланып зерттелген. «Қазақ әдебиеті тарихының» жауапты редакторларының бірі академик С. Қасқабасов оныншы томды тұжырымдай келе: «Бұл кезеңді көрсетуде біз жеке портреттерге барған жоқпыз. Өйткені, бұл дәл осы қазіргі күндерімізде жүріп жатқан үдеріс қой. Сондықтан «Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде» деген атаулы жалпақ шолуымызда әрбір жанрдың жетістіктерін тарауларға бөліп, жеке-жеке ежіктедік. Бұларда 1991 және 2001 жылдар аралығында шыққан шығармалар талданды. Ең үлкен тарау прозаның өзі томның 150 бетін алып жатыр. Мысалы, осында Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз», Қ. Жұмаділовтің «Дарабоз», Ә. Сарайдың «Еділ-Жайық», Б. Мұқайдін «Өмірзая», Б. Тілегеновтің «Қара жел» және «Сексен алтыншы жыл», Х. Әдібаевтың «Отырар ойраны» романдарын, М. Мағауин, Д. Досжан, С. Сматаев, Ж. Ахмади, т.б. туындылары тиісті бағаларын алды. Сонымен бірге Қазақстан халықтарының әдебиетіне, халықаралық әдеби байланыстарға да жеткілікті көңіл бөлінді», – деп көрсетеді (Kaskabasov, 2009b: 6).

Ұлттық сөз өнеріміздің тарихы енді ғана өзінің тереңге жайған тамырын тауып, шырайы енген шұрайлы, шүйгінді шалғындарына ене бастады, дегенмен әлі де жан-жақты зерттеліп

бітпеген, алар асулары алда, зерделенер тұсы мен назар аударар аудан-аумағы бар жәйт деуге болады.

Қорытынды, тұжырымдар

Тәуелсіздік кезеңіндегі ұлттық әдебиеттану жетістігі саналатын 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихында» сан ғасырлық көркем сөз өнеріміздің қадым заманғы фольклорлық кезеңінен бастап қазіргі заманның екі мыңыншы жылына дейінгі даму үрдісі зерттеуге алынды. Ол әдебиет тарихын дәуірлеу, ұлттық мүдде тұрғысынан жүйелі зерттеуде сан жылдар бойы маркстік-лениндік әдіснама қысымынан қордаланған түйткілдерді ғылыми негізде шешуге мүмкіндік берді. Фольклордың теориясы мен мәртебесі екшеліп, көркемдік дамудағы дәстүр жалғастығының тарихи негіздерін айқындаудағы қағидаттар дамытылды, ұлттық сөз өнерінің көркемдік-эстетикалық жүйесінен туындайтын өркендеу жолдары жаңаша танымда сараланды, Алаш қалам қайраткерлерінің сан салалы шығармашылық мұрасы тұңғыш рет объективті бағасын алды. Кеңес дәуіріндегі әдеби даму сын тезіне алынып, социалистік реализм, коммунистік эстетика қағидаттары тәуелсіздік тұрғысынан жаңаша танымда зерделенді. XX ғасыр соңы XXI ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің даму үрдісі әдеби-теориялық тұрғыдан талданды. Ұлт әдебиетінің он томдық тарихы қамтылған еңбек тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиеттанудың тұңғыш қадамы болғандықтан үлкен жетістік тұрғысынан бағаланады. Десе де, әдеби даму үрдісін зерттеудің әдіснамасы, ғылыми қағидаттары барынша дамып отырған қазіргі кезеңде қазақ әдебиетінің тарихын синергетика, рецетивті эстетика, теориялық поэтик, герменевтика тұрғысынан зерделеумен ұштастыру уақыт талабы.

Әдебиеттер

Сүйіншәлиев Х. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1986. – 238 б.

Мырзахметов М. Екі күймек бір жанға әділет пе? Кітапта: Бабатайұлы Дулат. Тұнық тұма. Өсиетнама: өлеңдер мен дастандар. 1 кітап; Дулат жырау тағлымы: сын-зерттеу, көзқарастар. 2 кітап. Құрастырған: Қ. Раев / Алғы сөзін жазғандар 3. Ахметов, Қ. Раев. – Алматы: Раритет, 2002. – 288 б.

XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы. – Алматы: Ғылым, 1988. – 352 б.

Kudaibergenova D. T. Rewriting the Nation in Modern Kazakh Literature: Elites and Narratives. – Lanham, Boulder, New York, London: Lexington Books, 2017. – 258 p.

Temirbolat A.B., Imakhanbet R.S., Orda G.Z., Ospanova A.A., Omarov T.K. Specifics of embodiment of the national idea in Kazakh literature // Man in India, 2017, 97(20), p. 435–445.

20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. 1-кітап. – Алматы: Ғылым, 1997. – 512 б.

- 40-50 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті. 2-кітап. – Алматы: Ғылым, 1998. – 398 б.
- Қазақ әдебиетінің тарихы (XY-XYIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы): Т. 3. – Алматы: Ғылым, 2000. – 568 б.
- Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 2-кітап. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 455 б.
- Cultural Heritage. About the Concept of the strategic national project for 2009-2011 / Legal information system of Regulatory Legal Acts of the Republic of Kazakhstan. 2009. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/>
- Ысқақұлы Д. Рухани толғамдар: Зерттеулер. – Алматы: Дәстүр, 2015. – 404 б.
- Dalelbekkyzy A., Bisengali Z.-G., Toleubayeva A., Zhanat A., Baitanasova K.M. National code: Metaphysics and unity of historical consciousness (Review) // *Analele Universitatii din Craeva-Seria Istorie*, 35, 2019, p. 105-118.
- History of Kazakh literature / Qazaqstan Tarihy. 2013. URL: <https://e-history.kz/kz/first-president/show/12318/>
- Kaskabasov S. Reaching 10 volumes / Qazaq adabietii. 2009. URL: <https://qazaqadabietii.kz/>
- Қазақ әдебиетінің тарихы. Оңтомдық. – Алматы: ҚазАқпарат, 2004-2008. 10 том.

References

- Cultural Heritage. About the Concept of the strategic national project for 2009-2011 (2009) Legal information system of Regulatory Legal Acts of the Republic of Kazakhstan. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/>
- Dalelbekkyzy A., Bisengali Z.-G., Toleubayeva A., Zhanat A., Baitanasova K.M. (2019) National code: Metaphysics and unity of historical consciousness (Review). *Analele Universitatii din Craeva-Seria Istorie*, 35, pp. 105-118.
- XIX gasyrdagy kazak poeziasy (1988) [Kazakh poetry of the 20th century]. Алматы: Gylym, 352 p. (In Kazakh)
- History of Kazakh literature (2013) Qazaqstan Tarihy. URL: <https://e-history.kz/kz/first-president/show/12318/>
- Kaskabasov S. (2009) Reaching 10 volumes. Qazaq adabietii. URL: <https://qazaqadabietii.kz/>
- Kazak adabietinin tarihy (XY-XYIII gasyrlardagy kazakh adabietinin tarihy) (2000) [History of Kazakh literature: history of Kazakh literature of the XY-XYIIIth centuries]. Алматы: Gylym, Vol. 3. 568 p. (In Kazakh)
- Kazak adabietinin kyskasha tarihy (2002) [A brief history of Kazakh literature]. Алматы: Kazak universiteti, 455 p. (In Kazakh)
- Kazak adabietinin tarihy (2004-2008) [History of Kazakh literature]. Алматы: KazAkparat, Vol. 10. (In Kazakh)
- Kudaibergenova D.T. (2017) *Rewriting the Nation in Modern Kazakh Literature: Elites and Narratives*. Lanham, Boulder, New York, London: Lexington Books, 258 p.
- Myrzahmetov M. (2002) Eki kuimek bir zhanga adilet pe? Kitapta: Babataiuly Dulat. Tynyk tuma. Osietnama: olender men dastandar. 1 kitap; Dulat zhyrau tagylymy: syn-zertteu, kozkarastar. 2 kitap. Kurastyrgan K. Raev [Two chariots for one soul? Babataiuly Dulat. Testament: poems and epics. the legacy of Dulat zhyrau: research, views. Compiled by K. Raev]. Алматы: Raritet, 288 p. (In Kazakh)
- Suinshaliev H. (1986) XIX gasyrdagy kazakh adabietii [Kazakh literature of the XIXth century]. Алматы: Mektep, 238 p. (In Kazakh)
- Temirbolat A.B., Imakhanbet R.S., Orda G.Z., Ospanova A.A., Omarov T.K. (2017) Specifics of embodiment of the national idea in Kazakh literature. *Man in India*, 97(20), p. 435–445.
- Yskakyly D. (2015) *Ruhani tolgamdar: zertteuler* [Spiritual thoughts: researches]. Алматы: Dastur, 404 p. (In Kazakh)
- 20-30 zhyldardagy kazak adabietii. 1 kitap (1997) [Kazakh literature of 20-30 years. Book 1]. Алматы: Gylym, 512 p. (In Kazakh)
- 40-50 zhane 60 zhyldardagy kazak adabietii. 2 kitap (1998) [Kazakh literature of 40-50 and 60 years. Book 2]. Алматы: Gylym, 398 p. (In Kazakh)